



**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

*Ахмет Жұбанов - қазақ музыкасын зерттеуші
көрнекті ғалым*

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2026



АХМЕТ ҚУАНҰЛЫ ЖҰБАНОВ
/1906-1968/

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

Зерттеушілерге қолдау көрсету офисі

***Ахмет Жұбанов - қазақ музыкасын зерттеуші
көрнекті ғалым***

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2026

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
Ж 83

**А.Жұбановтың 120 жыл толуына орай
биобиблиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты
Жумабаев К.С., құраст.: Шадманова Г.К. - Қ.Жұбанов
атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми
кітапханасы.2026.-23бет.**

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған биобиблиографиялық көрсеткіш қазақ тілінің теориялық негізін қалаушылардың бірі, ұлттық филологиямыздың тұңғыш профессоры Ахмет Жұбановтың 120 жыл толуына арналып шығарылған. Көрсеткішке ғалымның өмірбаяны, білім беру және қоғамдық қызметі, оқу құралдары, монография, мақалалары, т.б. ғылыми зерттеулері мен әдістемелік еңбектері т.б. туралы мәліметтер жүйесі енгізілген.

Ахмет Қуанұлы қазақтың музыкалық мәдениетін зерттеп тануда, жорып түсіндіруде және жүйелеп насихаттауда жаңа сапалы биіктен көрініп, кезеңдік мәні бар қажыр-қайрат көрсеткен тұлға. Өз кезіндегі музыкалық білім сатыларының бәрінен өткен кемел білім иесі, оған қоса тәңірі тал бойына ғажайып қабілет пен ұлтжандылық сезімін дарытқан ғалым.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде - алфавит бойынша берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

АХМЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Ахмет Қуанұлы Жұбанов (1906-1968) - қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер. Қазақстанның халық артисі (1944), өнертану ғылымының докторы (1943), профессор (1948), академик.

Ол Ақтөбе облысы Темір ауданында 1906 жылы 29 сәуірде өмірге келген. Ахмет Қуанұлы қазақтың музыкалық мәдениетін зерттеп тануда, жорып түсіндіруде және жүйелеп насихаттауда жаңа сапалы биіктен көрініп, кезеңдік мәні бар қажыр-қайрат көрсеткен тұлға. Өз кезіндегі музыкалық білім сатыларының бәрінен өткен кемел білім иесі, оған қоса Тәңірі тал бойына ғажайып қабілет пен ұлтжандылық сезімін дарытқан А.Қ.Жұбанов 1933 жылы Алматы музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке келеді. Осы кезден бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін ол қазақтың музыкалық мәдениеті деген жалпылама ұғымды ұлт болмысындағы нақты категориялық мәні бар рухани құбылысқа айналдыру үшін тыным таппастан еңбек етті. Бұл ретте, Ахмет Қуанұлы адам қабілетінің қандай құдіретті болатынын нақтылы да нәтижелі істерімен көрсете алды. Алғашқы музыкалық әліппе, қазақ музыкасын зерттейтін ғылыми кабинет, музыкалық сынақ шеберханасы, Ғылым академиясындағы өнертану секторы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімі, Қазақтың халық аспаптары оркестрі, Қазақтың мемлекеттік филармониясы, Қазақ консерваториясы, ондағы халық аспаптары кафедрасы, Қазақтың музыкалық театры, қазақ музыкасы туралы оқу құралдары, міне, осының бәрінің ұйтқысы А.Қ.Жұбанов болды. Мұның сыртында дирижерлік, ұстаздық, ғылыми-зерттеушілік, қоғамдық, әсіресе

шығармашылық жұмыстарының өзі сала-сала болып, құнарлы арналарға ұласады.

А.Қ.Жұбановтың мұрындық болуымен қырқыншы жылдары ұйымдастырылған ғылыми экспедиция сексенінші жылдарға дейін Қазақстанның түкпір-түкпірінен 10 мыңдай ән-күй нұсқаларын жинаған. Қазақтың кәсіпқой халық композиторларының өмір дерегін жинастырып, шығармаларын нотаға түсіріп, одан соң көнігі әнші-күйшілерге үйрету арқылы халықтың рухани игілігіне айналдыруда теңдессіз еңбекқорлық пен іскерліктің үлгісін Ахмет Қуанұлының өзі көрсетіп отырды.

Жасынан музыка өнеріне бейімділігін байқатып, домбыра, скрипка аспаптарында ойнауды меңгереді. Жас кезінде ауылдасы Талым күйшіден, ауыл мұғалімі Қ. Ашғалиевтен, әкесі Қуаннан, ағасы Құдайбергеннен тәлім алып, музыка өнеріне ден қояды. Темірде орыс халық аспаптар әуесқойлары оркестріне жетекшілік ететін (П. Черняктан сольфеджио, скрипка, музыка теориясы бойынша) сабақ алады.

1929 жылы Ленинградтың М.И. Глинка атындағы техникумында (А.А. Этигонның скрипка класы бойынша), консерваторияда (профессор Ф.А. Ниманның гобой класы бойынша, кейіннен музыка тарихы мен теориясы факультетінде) оқыған.

1932 жылы Ленинградтағы Актер шеберлігі мектебінің аспирантурасына түседі.

1933 жылы Алматыда ашылған музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке шақырылады.

1930 жылы Ленинградтағы «Рабочий и театр» журналында жарияланған мақаласынан бастап, өмірінің соңына дейін қазақ музыкасының тарихы мен теориясын зерттеумен айналысты. 1936 жылы «Музыка әліппесі» атты тырнақалды кітапшасы жарық көрген.

1934 жылы А. К. Жұбанов алғаш 11 адамнан құралған домбырашылар ансамблі негізінде Қазақ ұлттық халық оркестрін ұйымдастырды. Осы ұжымның тұңғыш дирижері ретінде көптеген халық композиторларының музыка туындыларын оркестрге лайықтап нотаға түсірген. 1945-1951 жылдары Алматы консерваториясының ректоры, 1954-1961 жылдары осы консерваториядағы өзі ашқан халық аспаптар кафедрасының меңгерушісі болып, қазақ халық музыкасының тарихынан, дирижерлік өнер мен аспаптанудан сабақ берді.

Жұбановтың қазақ халқының ән-күй шығармаларының табиғаты мен ерекшелігі, ұлы күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек, Тәттімбет, Қазанғап туралы монографиялық ғылыми - зерттеу еңбектері - қазақ музыкасының ғылыми тарихын жасауға қосылған қомақты үлес болды.

А. К. Жұбанов - қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған аға буын композиторлардың бірі. Ол халық күйлерін оркестрге лайықтап, нотаға түсірді және қазақ музыкасын күрделі аспаптық симфониялық шығармалармен байытты. Олар «Тәжік биі», «Қазақ билері», «Төлеген Тоқтаров», «Ария», «Вокальдік сюитасы», «Абай сюитасы», тағы басқалар. А. Жұбановтың қазақ музыка тарихына сіңірген еңбегі ұшан - теңіз.

Композитор ретінде қазақтың музыкалық мәдениетіне өзіндік мелодиялық өрнек қосқан ондаған ән мен күйдің, романстар мен хорлардың, аспаптық симфониялық және вокальдық шығармалардың авторы. А. Жұбановтың композиторлық шығармаларының көрнектілері Л. Хамидимен бірлесіп жазған «Абай» (1944) және «Төлеген Тоқтаров» (1947) опералары, қызы Ғ. Жұбанова аяқтаған «Құрманғазы» (1970) операсы.

А. К. Жұбановтың мұрындық болуымен қырқыншы жылдары ұйымдастырылған ғылыми экспедиция

сексенінші жылдарға дейін Қазақстанның түкпір түкпірінен 10 мыңдай ән күй нұсқаларын жинаған. Қазақтың кәсіпқой халық композиторларының өмір дерегін жинастырып, шығармаларын нотаға түсіріп, одан соң кәнігі әнші күйшілерге үйрету арқылы халықтың рухани игілігіне айналдыруда теңдесіз еңбекқорлық пен іскерліктің үлгісін Ахмет Қуанұлының өзі көрсетіп отырды.


А.Қ. Жұбановтың ғалым, педагог, композитор, орындаушы және ұйымдастырушы ретінде қазақтың музыкалық мәдениетіне сіңірген еңбегі ұлттың мәдени рухани шежіресіндегі ең көрнекті белестердің бірі болып қалады.

А. К. Жұбанов қазақтың ұлттық өнерін дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын берді. Ленин орденімен, тағы басқа ордендермен, медальдармен марапатталған.

Алматы қаласының көшелерінің біріне, Республикалық музыкалық мектеп-интернатқа Жұбанов есімі берілген. Ақтөбедегі музыка колледжі, көшелер А. К. Жұбанов есімінде. Өзі ұзақ жыл тұрған үйдің қабырғасында ескерткіш тақта орнатылған.

2006 жылы Ахмет Жұбановтың 100 жылдық мерейтойына орай Ғ. Жұбанова атындағы облыстық Филармония ғимаратының алдында композиторға арнап үлкен ескерткіш орнатылды. Ескерткіш авторлары - Ескен Сергебаев пен Бақытжан Әбішев, архитектор - Жәңсен Айнабеков. Қоладан жасалған ескерткішті гранит плиткасымен қапталған тұғырға орнатты.

АХМЕТ ЖҰБАНОВ ЖАЙЛЫ 15 ДЕРЕК



1. Ахмет Жұбанов 1906 жылғы 29 сәуірде Орал облысының Темір уезінде Темір-Уркачевск болыстығында (қазіргі Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданы), Қосуақтам шатқалында дүниеге келген. Музыкаға деген қабілеті ерте оянған Ахмет алты жасынан бастап домбырада ойнап, ән айтқан.
2. Жеті жасында Уркачевскідегі екіжылдық училищеге оқуға түседі. Алғашқы мұғалімі Құсайын Әжіғалиев оны домбыра, мандолина, балалайка, скрипка сияқты аспаптарда ойнауды үйреткен.
3. 1919 жылы сүзек ауруынан әкесі қайтыс болып, Ахмет ерте еңбекке араласуына тура келеді. Алдымен хатшы

болып, кейін «Шаңырақ» оқу үйінің меңгерушісі болып қызмет етеді.

4. 1925 жылы Ақтөбедегі бірайлық курсты бітіріп, Ақжар мектебіне мұғалім болып келеді.

5. 1928 жылы Ақтөбеге оқуға жіберіліп, осында Варшава консерваториясын бітірген Н.Чернюк деген скрипкашымен танысып, музыкалық сауатын ашып, скрипкадан дәріс алады.



6. 1929 жылы ағасы Құдайбергенмен Ленинградқа оқуға келіп, музыка техникумының скрипка классына қабылданады. Алайда, оқу ақылы болғандықтан, техникумды тастауға мәжбүр болады. Көп кешікпей консерваторияда профессор Ф.А. Ниманның гобой классында оқуын бастайды.

7. 1931 жылы А. Жұбанов елге келіп 50 шақты ән мен күйді жазып алады. Осы жылы қазақ тілінде алғашқы «Музыка сауатының әліппесі» еңбегін жазады.

8. 1932 жылы консерваторияны мезгілінен бұрын бітіріп, Өнертану институтының аспирантурасына түседі. 1933 жылдың ақпанында Алматыдағы жаңа ашылған музыкалық драма техникумына жұмысқа тұрады.

9. 1934 жылы қазақ халық аспаптары оркестрін құрады (қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі). 1935-1945 жылдар арасында осы оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі дирижері болады.

10. 30-шы жылдардың соңынан бастап композиторлық шығармашылығы басталады. Осы жылдары бір әктілі музыкалы драма қойылымдарына музыка жаза бастайды. «Сарын» (Ә. Тәжібаевтың либреттосы), «Азат қыз» (М.Әуезовтың либреттосы), «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» (Ғ. Мүсіреповтың либреттосы) пьесаларының музыкасын қазақ халық аспаптар оркестрі орындады.



11. М. Гнесинмен бірге қазақтың тұңғыш көркем фильмі «Амангелдіге» музыка жазады.

12. 40-шы жылдардың басында «Москва», «Ақ көгершін», «Жастар әні» сияқты әндері өмірге келеді. Соғыс жылдары фортепиано, қобыз, скрипка, виолончельге арналған бірнеше аспапты камералық шығармалар жазады: «Тәжіктің он бий», «Қазақтың сегіз бий», «Бес пьеса», бес бөлімді «Абай» сюитасы, «Төлеген Тоқтаров» фантазия-увертюрасы.

13. А. Жұбанов Римский-Корсаковтың «Менің музыкалық өмірімнің шежіресі» және А.Виноградовтың «Паганиниді кінәлау» шығармаларын қазақ тіліне аударды. Өзі «Ғасырлар пернесі», «Замана бұлбұлдары» атты кітаптарын жазады. 1960 жылы Құрманғазы туралы жазылған кітабы мен «Құрманғазы күйлері» жинағы жарық көрді.

14. А. Жұбанов бес бала тәрбиелеп өсірген аяулы әке. Екі қызы өзінің жолын қуды: Ғазиза – композитор, Роза – пианист, педагог. Екі ұлы Болат пен Қайыр химия саласын таңдады. Кіші қызы Ажар – биохимик. Ата жолын қуған немере-шөберелері де баршылық. Олардың ішіндегі ең атақтысы – Алан Бөрібаев.

15. Атақты композитор 1968 жылы 30 мамырда Алматыда дүниеден өткен. Оның есімімен көшелер аталған. Алматыдағы өзі тұрған Қарасай батыр 61/67 пәтерде музейі ашылған. А. Жұбановтың құрметіне пошта маркалары және естелік монета шығарылған. Композитордың 100 жылдығына орай ЮНЕСКО-ның шешімімен 2006 жыл Ахмет Жұбанов жылы деп жарияланды.



АХМЕТ ЖҰБАНОВ ТУРАЛЫ 20 ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. Ахмет Қуанұлы Жұбанов 1906 жылдың 18 сәуірінде Ақтөбе облысының Қасқабұлақ ауылында дүниеге келді. Оның балалық шағы шексіз дала кеңістігінің арасында дәстүрлі қазақ отбасында өтті. Болашақ композитор ерте жастан халық музыкасы мен әндерімен қоршалған болатын.
2. Баланың әкесі ауыз әдебиеті шеберлігінің білгірі болып, дәстүрлі күйлерді жиі орындайтын. Үй атмосферасы жас Ахметтің музыкалық қабілеттерінің дамуына ықпал етті. Домбыра аспаптық сазын тыңдай отырып, бала ұлттық фольклордың интонацияларын сіңірді.

3. Бірінші музыкалық білімін Жұбанов Орынбор музыкалық техникумында алды. Осы мекемедегі оқу жас адамның алдында еуропалық классикалық музыка әлемін ашты. Оқу жылдары болашақ композиторлық қызметке негіз қалады.
4. 1925 жылы бастапқы музыкант білімін Мәскеуде жалғастырып, Чайковский атындағы консерваторияға түсті. Астаналық оқу орны оған музыка теориясы мен композицияның терең білімдерін берді. Оқытушылар Қазақстаннан келген студенттің ерекше қабілеттерін атап өтті.
5. Жұбанов академиялық білім алған алғашқы кәсіби қазақ композиторларының бірі болды. Оған дейін республикада мұндай деңгейдегі мамандар іс жүзінде болған жоқ. Бұл жағдай оның үстіне ұлттық өнерді дамыту үшін ерекше жауапкершілік жүктеді.
6. 1934 жылы композитор Алматыға оралып, бірден белсенді шығармашылық жұмысқа кірісті. Қала сол кезде республиканың мәдени орталығына айналып жатты. Мұнда жаңа музыкалық мекемелер құруға қабілетті энергиялық қайраткерлер қажет болды.
7. Жұбанов алғашқы қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрін басқарды. Осы ұжымды құру республиканың мәдени өміріндегі маңыздылығы зор оқиғаға айналды. Маэстроның басшылығымен ансамбль жоғары орындаушылық деңгейге тез жетті.
8. Композитор дәстүрлі қазақ аспаптарын жетілдірумен белсенді айналысты. Ол домбыраны жаңғыртуға қатысып, оның дыбыстық мүмкіндіктерін кеңейтті. Жетілдірілген аспаптар күрделірек музыкалық шығармаларды орындауға мүмкіндік берді.
9. Жұбановтың қаламына Евгений Брусиловскиймен бірлесіп жазылған алғашқы қазақ операсы «Қыз Жібек» тиесілі. Премьерасы 1934 жылы өтіп, көрермен

арасында үлкен табысқа жетті. Бұл шығарма ұлттық опералық өнер тарихында жаңа бет ашты.

10. Композитор көптеген симфониялық шығармалар, концерттер және камералық туындылар жазды. Оның музыкасы қазақ әуендік интонацияларын еуропалық формалармен органикалық түрде біріктірді. Сыншылар авторлық фольклорлық материалмен жұмыс істеудегі шеберлігін жоғары бағалады.
11. Жұбанов композитор ғана емес, сонымен қатар көрнекті музыкатанушы-зерттеуші болды. Ол көптеген жылдарды қазақ халқының музыкалық шығармашылығын зерттеуге арнады. Маманның ғылыми еңбектері қазақ этномузыкатануының негіздерін қалады.
12. Ұлы Отан соғысы жылдарында маэстро бірнеше патриоттық шығармалар жасады. Музыка майдандағы жауынгерлерді шабыттандырып, тылдағы халықтың рухын қолдады. Композитордың шығармашылығы фашизмге қарсы жалпы жеңіске үлес қосты.
13. Соғыстан кейін Ахмет Қуанұлы Қазақ мемлекеттік консерваториясын басқарды. Оның жетекшілігімен оқу орны республиканың жетекші музыкалық білім беру орталығына айналды. Ректорлық қызмет жиырма жылдан астам жалғасты.
14. Жұбанов дарынды қазақ композиторлары мен музыкатанушыларының бүкіл тобын тәрбиеледі. Оның шәкірттері ұстаздың ісін жалғастырып, ұлттық музыкалық өнерді дамытты. Шеберлердің педагогикалық мұрасын бағалау қиын.
15. Композитор ерекше еңбектері үшін көптеген мемлекеттік наградалар мен атақтарға ие болды. Олардың арасында — КСРО халық артисі атағы және Мемлекеттік сыйлық бар. Музыканттың талантын мойындау Қазақстан шегінен алысқа шықты.

16. Жұбанов бүкіл республика бойынша филармониялар мен музыкалық училищелер ұйымдастыруға белсенді қатысты. Оның күш-жігері шалғай өңірлерде музыкалық білім беруді таратуға ықпал етті. Мәдени мекемелердің желісі бүкіл Қазақстанды қамтыды.
17. Композитор қазақ музыкалық фольклорының жүздеген үлгілерін жинап, жазып алды. Алыс аулдарға экспедициялар бірегей әуендер мен күйлерді сақтауға мүмкіндік берді. Жазбалар мұрағаты ұлттық мәдениеттің бағалы қазынасына айналды.
18. Жұбановтың қазақ музыкасының тарихы бойынша ғылыми еңбектері бүгінге дейін өзектілігін сақтайды. Оның монографиялары мен мақалалары зерттеушілер үшін міндетті әдебиет болып табылады. Маманның теориялық жұмыстары талдау тереңдігімен және материалды қамту кеңдігімен ерекшеленеді.
19. Ахмет Қуанұлы 1968 жылдың 17 мамырында Алматыда 62 жасында қайтыс болды. Маэстроның өлімі қазақ мәдениеті үшін үлкен жоғалту болды. Композиторды жерлеу өнер қайраткерінен жалпыхалықтық қоштасуға айналды.
20. Жұбановтың есімімен Қазақстанның әртүрлі қалаларында көшелер, концерт залдары және оқу орындары аталған. Алматыда белгілі мүсіншілердің жасаған композиторға ескерткіш орнатылған. Ұлы музыкант туралы ес ризашылық білдірген ұрпақтар ұқыпты сақтайды.

Ахмет Жұбановтың шығармашылық мұрасы өмір сүріп, қазақстандық музыканттардың жаңа буындарын шабыттандыруды жалғастыруда. Оның үлгісі ұлттық дәстүрлерге адалдықты әлемдік жетістіктерге ашықтықпен қалай сәтті біріктіруге болатынын көрсетеді. Композитордың қызметі Қазақстанда кәсіби музыкалық

өнерді дамыту үшін берік іргетас қалады. Бұл көрнекті адамның өмірбаянын зерттеу қазіргі қазақ мәдениетінің қалыптасу үдерістерін жақсырақ түсінуге және тарихта тұлғаның рөлін бағалауға көмектеседі.

А.Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1958

1. Жубанов А. Струны столетий: Очерки о жизни и творческой деятельности казахских народных композиторов / А. Жубанов. - Алма-Ата: Казахское гос. изд-во художественной литературы, 1958. - 394 с.

1960

2. Жұбанов А. Құрманғазы Сағырбаев: Өмірі мен творчествосы / А. Жұбанов. - А.: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960- 208бет.: портр.

1966

3. Жубанов А. Соловьи столетий: Очерки о нар.композиторах и певцах / А. Жубанов; пер. Г. Бельгера. - Алматы: Жазушы, 1966. - 412 с.: портр.

1967

4. Жұбанов А. Қобызға, скрипкаға арналған 5 пьеса. - Алматы: Мектеп, 1967.-36б.
<https://rmebrk.kz/book/1174221>

1968

5. Жубанов А. Пять пьес для кобыза или скрипки / А. Жубанов. - [б. м.]: Мектеп, 1967. - 36 с.

1975

6. Ахметова М. Советтік қазақ музыкасы: Тарих очерк / М. Ахметова, Б. Ерзакович, А. Жұбанов. - Алма-Ата: Наука , 1975. - 320 бет: фото.
7. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі: Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы очерктер / А. Жұбанов. - Алматы: Жазушы, 1975. - 400 бет.

1993

8. Жұбанов А. Құрманғазы күйлері қалай шыққан? Пернедегі аңыз / А. Жұбанов. - [б. м.]: Өнер, 1993. - 45 б.

2001

9. Жұбанов А. Замана булбулдары (Қазақтың әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер) / А. Жұбанов. - 2-бас. онд., толық. - [б. м.]: Дайк-Пресс: Жазушы, 2001, 1975. - 440 б.
10. Жубанов А. Струны столетий / А. Жубанов. - [б. м.]: Дайк-Пресс, 2001. - 280 с.

2002

11. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі: Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер / А. Жубанов. - [б. м.]: Дайк-Пресс, 2002. - 326 б.

2007

12. Жұбанов А. Абай : Партитура. 4 перделі опера. Либреттосы М. Әуезовтікі: 1-том / А. Жұбанов, Л. Хамиди. - Алматы: Таймас, 2007. - 248 бет.
13. Жұбанов А. Абай. 4 перделі опера. Либреттосы М.Әуезовтікі: 2 томдық. 1-том. Абай. 1,2-перде / А. Жубанов, Л. Хамиди. - Алматы: Таймас, 2007. - 248 бет.

2008

14. Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. Вопросы прикладного языкознания: к изучению дисциплины / А. Жұбанов. - [б. м.]: Арыс, 2008. - 640 бет : суретті.

2013

15. Жұбанов А. *Домбыра оркестрі* және А. Жұбанов, Л. Хамиди * Оркестрмен жұмыс жүргізу методикасы*: Оқу құралы / А. Жұбанов. - Алматы, 2013. - 100 бет.
16. Ахмет Жубанов в годы апогея сталинской политической репрессии. / Под ред. Ж.К. Таймагамбетова. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 210 с. <https://rmebrk.kz/book/1176571>

2014

17. Дарменшеева А.А. А. Жұбановтың шығармашылық еңбектері. // Инновация және білім беру технологиялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері :

Гуманитарлық ғылымдар секциясы - Жетісай:
"Сырдария" университеті, 2014. - 47-53 б.
<https://rmebrk.kz/book/1150419>

2017

18. Жұбанов А. Өнегелі өмір: к изучению дисциплины / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 324 бет: суретті.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	<i>5</i>
<i>А.Жұбановтың өмірбаяны мен шығармашылығы</i>	<i>6</i>
<i>А.Жұбанов жайлы 15 дерек</i>	<i>10</i>
<i>А.Жұбанов жайлы 20 қызықты мәліметтер.....</i>	<i>14</i>
<i>А.Жұбановтың еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....</i>	<i>19</i>